«Пугачев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың қорытындылары туралы

АНЫҚТАМА

Пугачев ауылы **28 шілде 2026 жыл**

Талданатын объект туралы мәлімет: «Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Пугачев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мекенжайы: БҚО, Бөрлі ауданы, Пугачев ауылдық округі, Пугачев ауылы, Қазақстан көшесі №18 үй.

2025 жылғы 01 тамызы мен 2026 жылғы 01 тамыз аралығы бойынша «Пугачев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасалды.

Талдау ауылдық округ әкімінің 2026 жылғы 27 шілдедегі №50 «Пугачев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» шешімі негізінде жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы келесідей құрамда құрылды:

Изтелеуов Мереке Нурланович – округ әкімі;

Айнагулова Сара Мулдашевна – округ әкімі аппаратының бас маманы;

Курмангалиева Назгул Азбергеновна – округ әкімі аппаратының бас маманы;

Сагиналиева Гулмира Сагиналиевна –округ әкімі аппаратының бас маманы;

Джармуханова Турсын Магадановна –округ әкімі аппаратының бас маманы;

Жолбатырова Альбина Абзалқызы –окру әкімі аппаратының бас маманы;

Казжанов Талгат Кенжегалиевич – Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Талдау жүргізу мерзімі: 01.08.2025 ж. – 01.08.2026 ж.

Бақыланатын кезең: 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығы.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ШАЛДЫҚҚАН ЛАУАЗЫМДАРДЫҢ ТІЗБЕСІН АНЫҚТАУ.

«Пугачев округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметінде 2026 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша жалпы штат саны 6/9 адам. Соның ішінде мемлекеттік қызметшілер: 6/6. Штаттан тыс қызметкерлер: 9/9 адам.

Бақыланатын кезеңде штаттан тыс қызметкерлер арасында кадр ауысушылығы бойынша: жұмысқа қабылданғандар – 0 . Жұмыстан оның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін босатылғандар жоқ.

2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығындағы кезеңде тәртіптік жауапкершілікке тартылған мемлекеттік қызметші -2.

Ағымдағы жылы округ әкімі аппаратының қызметкерлерімен салық декларациясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде ұсынылды.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде, сондай-ақ олардың жақын туыстары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты адамдардың мемлекеттік лауазымдарға орналасу фактілері орын алған жоқ.

Ауылдық округтің жергілікті атқарушы мемлекеттік органының мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер сақталуда.

Ауылдық округтің жергілікті атқарушы мемлекеттік органының мемлекеттік қызметшілерімен акциялар, пайлар, жеке кәсіпкерлікпен айналысу фактілері орын алған жоқ.

Ауылдық округтің жергілікті атқарушы мемлекеттік органында коммерциялық ұйымдардың құрылтайшылары болып табылатын, сондай-ақ осы ұйымдардың басқару органдарының құрамына кіретін мемлекеттік қызметшілер жоқ.

Талданып отырған кезеңде ауылдық округтің жергілікті атқарушы мемлекеттік органының мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтар жасау фактілері орын алған жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйым салуларды бұзу фактілері анықталмады.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Пугачев ауылдық округі әкімі аппаратының жалпы қызметкерлері тікелей басшымен, оның зайыбымен туыстық қарым-қатынаста емес. 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығы бойынша аппаратта мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында округ әкімімен ұдайы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ШАРТТАР ЖАСАСУ.

Ауылдық округ әкімінің аппараты бойынша 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығында мемлекеттік сатып алу жасалды. Оның ішінде ашық конкурспен -2, баға ұсыныстарын сұрау-20, негіздемелік келісімнің екінші кезеңі- 0, сәтсіз сатып алу бойынша бір көзден-5, тікелей келісім-шарттар арқылы бір көзден сатып алу - 41 сатып алу жүргізілді.

Округ әкімі аппаратымен жүргізілетін мемлекеттік сатып алулар уақтылы және тиісті деңгейде жүргізілуде. Кемшіліктерге жол бермеу мақсатында үнемі мемлекеттік сатып алу заңнамасын оқып, зерделеп талқылаймыз.

БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚАРАЖАТЫН ИГЕРУ ЖӘНЕ БӨЛУ

Аппаратта талдау жүргізілген кезеңде 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 205482,9 мың теңге қарастырылды, игерілгені 102552,7 мың теңге немесе 59,6 % құрады.

ҚР Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашасындағы №626 бұйрығымен бекітілген бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығындағы бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есептерін осы Нұсқаулықтың 21-қосымшасына сәйкес 4-ББІА нысаны бойынша Бөрлі ауданының экономика және қаржы бөліміне ұсынылды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңына сәйкес, аудан бойынша 97 мемлекеттік қызмет көрсету түрлері бекітілген. Пугачев ауылдық округі әкімінің аппараты 5 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді:

-«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» - 2;

-сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу- 40;

-Тұрғын үй құрылысына жер теліміне кезекке қою-57;

-«Кент ауыл жерлерінен жер учаскесін беру туралы»- 1;

-«Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп, не бөліп төлеу арқылы сату»- 4 мемлекеттік қызметтері округ әкімі аппаратында тіркелді, оны тіркеу жеке арнайы журналда жүзеге асырылады. 2025 жылдың 01 тамыздан бастап 2026 жылдың 01 тамыз аралығында 104 мемлекеттік қызмет көрсетілді, бас тартулар болған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету барысында әкімшілік кедергілер немесе қызмет көрсету мерзімінің бұзылуы анықталған жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында регламентте көрсетілген құжаттардан басқа құжаттарды сұрату фактілері орын алған жоқ.

Мемлекеттік көрсетілген қызметтер стандарт және регламентке сәйкес жүргізіледі.

РҰҚСАТ БЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Пугачев ауылдық округі әкімінің аппаратында 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығында 98 шешім қабылданды. Оның ішінде мемлекеттік тіркеуден өткен шешім болған жоқ. Мемлекеттік тіркеуден бас тарту фактілері анықталған жоқ.

2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығында қабылданған 98 шешімдер мен 70 өкімдерге наразылықтар мен заңға қайшы әрекеттер туындаған жоқ. Аталған нормативтік құқықтық актілердің азаматтардың, заңды тұлғалардың, кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін бұзушылық нормалары анықталған жоқ.

Ұсыныс: Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау кезінде жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуін қатаң бақылауға алу;

Әрбір жартыжылдық сайын қабылданған актілерге құқықтық мониторинг жүргізу.

Заңға қайшы келетін немесе ескірген нормалары бар актілер анықталған жағдайда уақтылы заңнамаға сәйкес келтіру жұмыстарын атқару.

БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сай Пугачев ауылдық округі әкімі аппаратының қызметінде бақылау функциялары жүзеге асырылмайды.

Бақылау функциялары саласын тексеру кезінде заң нормаларын бұзушылық немесе қайшылықтар орын алмағаны анықталды.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Аппаратта талдау жүргізілген кезеңде 2026 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 176318,9 мың теңге қарастырылды. Ағымдағы жыл бойынша игерілгені 79996,3 мың теңге, бұл негізгі бюждеттің 45,4 % құрап отыр.

Ал 2025 жылдың қорытындысы бойынша 201219,7 мың теңге қарастырылды, игерілгені 201209,5 мың теңге немесе 99,99% құрады.

Талдау жүргізу барысында бұзушылықтар анықталған жоқ.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕР

Жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350 Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі негізінде жүргізіледі. Округ әкімі аппаратына түскен барлық өтініштер «Е-өтініш» платформасы арқылы тіркеуден өтіп, тиісті жауап беріледі.

2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығындағы кезеңде округ әкімінің аппаратына заңды тұлғадан, жеке тұлғадан 70 өтініш түскен, округ әкімінің жеке қабылдауында 15 ауыл тұрғындары болды. Түскен өтініштердің көпшілігі жер, тұрғын үй, тұрмыстық мәселелер және т.б. болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы өтініштер мен шағымдар түскен жоқ. Өтініштерді қабылдаудан бас тарту фактілері орын алған жоқ.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ.

Аппарат қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«ЭҚАБЖ» ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы;

«Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Enbek.kz» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Парус-Каз» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашылық- клиент» ақпараттық жүйесі;

«Мемлекеттік сатып алу» порталы.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ҚР Бас прокуратурасының ақпараттық сервисі.

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

ҚЫЗМЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ЖАРИЯЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Басқарма ақпараттың азаматтарға ашықтық деңгейі мен дәрежесін арттыру үшін «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы аясында ашықтық жоспарын бекіткен болатын.

Жоспарға сәйкес, мемлекеттік органдар «Мемлекеттік органдар бірыңғай интернет-ресурстарының порталында» өз қызметі туралы жалпы сипаттағы ақпаратты, ағымдағы қызметі туралы, оның ішінде азаматтық бюджет, бюджет қаражатының жұмсалуы, кадрлармен қамтамасыз етілуі, мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі, мемлекеттік сатып алудың жүргізілуі және т. б. мәселелер бойынша ақпаратты уақытылы орналастырады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

«Бөрлі ауданының Пугачев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында күрделі мәселелер анықталған жоқ. Аппаратта жұмыстың өту барысы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда.

Пугачев ауылдық округінің әкімі **М.Изтелеуов**

Жұмыс тобының мүшелері: **Г.Сагиналиева**

С.Айнагулова

Н.Курмангалиева

Т.Джармуханова

А.Жолбатырова